

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыроватындағы Тау-кен металлургия институты

«Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту» кафедрасы

Жұбатқан Фариза Бозғылбайқызы

«Қазмырыш» ЖШС жағдайында мырыш күйіндісін шаймалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B070900 – Металлургия

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту» кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,
техн. ғыл. канд.,

М.Б. Барменшинова
«15» 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Қазмырыш» ЖШС жағдайында мырыш күйіндісін шаймалау»

5B070900 – Металлургия

Орындаған

Жұбатқан Ф.Б.

Ғылыми жетекші,
техн. ғыл. канд.,
сениор-лектор

Бошкаева Л.Т.
«15» 10 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту» кафедрасы

5B070900 – Металлургия



Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Жұбатқан Фариза Бозғылбайқызы

Тақырыбы: «Қазмырыш» ЖПІС жағдайында мырыш күйіндісін шаймалау»

Университет Ректорының «8» қазандағы 2018 ж. №1113-б бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «20» мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Өндірістік жағдайдағы
индикаторлар мен материалдардың құрамдары, шығын коэффициенті,
тәжірибелік көрсеткіштер

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Процестің теориялық негіздерін зерттеу;

б) Технологиялық шешімдер, технологиялық есептеулер;

в) Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша сұрақтар;

г) Жобаның экономикалық тиімділігін анықтау.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сызба материалдарының слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 12 атаудан тұрады

Дипломд коба дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Әдебиетке шолу	14.01.2019 – 03.02.2019	
Технологиялық шешімдер	04.02.2019 – 28.02.2019	
Технологиялық есептеулер	01.03.2019 – 24.03.2019	
Экономикалық бөлім	25.03.2019 – 14.04.2019	
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	15.04.2019 – 24.04.2019	
Қорытынды	06.05.2019 – 10.05.2019	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Экономика бөлімі	Л.Т. Бошқаева, техн. ғыл. канд., сениор-лектор	16.04.19	
Еңбек қорғау бөлімі	Л.Т. Бошқаева, техн. ғыл. канд., сениор-лектор	24.04.19	
Норма бақылау	Г.М. Қойшина, PhD, лектор	16.05.2019	

Ғылыми жетекші:



Бошқаева Ляйля Турсуновна

Тапсырманы орындауға
алған білім алушы:



Жұбатқан Фариза Бозғылбайқызы

Күні «14» қаңтар 2019 ж.

АҢДАТПА

Берілген жобада «Қазмырыш» ЖШС жағдайында мырыш күйіндісін шаймалау цехының жұмысы қарастырылған. Күйінділерді шаймалау процесінің теориялық негіздері зерттелді. Процестің тәжірибесі, өндірістің ерекшеліктері, процеске әсер ететін факторлар, процеске қажетті негізгі және қосымша жабдықтар талданды. Сонымен қатар технологиялық есептеулер, оның ішінде, материалдық баланс есебі, мырыш кегінің шығымы мен құрамының есебі, негізгі жабдықтың есебі орындалды. Жобаның экономикалық тиімділігін анықтау үшін сәйкес есептеулер жүргізілді. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімінде цехтағы негізгі қауіпті және зиянды факторлар анықталып, тиісті заңдарға сәйкес олармен күресу шаралары көрсетілді.

Жобаның басты жаңалығы мырыш күйіндісін шаймалау процесіне қолданылатын жабдықты, атап айтқанда, механикалық араластырғышы бар чандарды пневматикалық араластырғышы бар чандарға ауыстыру болып саналады. Сонымен қатар, дискілі вакуум-сүзгіні барабанды вакуум-сүзгіге ауыстыру көзделді. Осы өзгертулер арқылы процестің техника-экономикалық көрсеткіштері арттырылды.

АННОТАЦИЯ

В данном проекте рассмотрена работа цеха по выщелачиванию цинкового огарка в условиях ТОО «Казцинк». Изучены теоретические основы процесса выщелачивания огарков. Проанализирована практика процесса, особенности производства, факторы, влияющие на процесс, основное и вспомогательное оборудование. Кроме этого, выполнены технологические расчеты, в том числе расчет материального баланса, расчет расхода и состава цинкового кека, расчет основного оборудования. Для определения экономической эффективности проекта были проведены соответствующие расчеты. В отделе безопасности и охраны труда были выявлены основные опасные и вредные факторы в цехе, а также в соответствии с законодательством проведены мероприятия по борьбе с ними.

Главным нововведением проекта является повышение технико-экономических показателей процесса путем замены агрегата, работающего механическим перемешиванием, на агрегат, работающий пневматическим перемешиванием. Также были заменены дисковые вакуум-фильтры на барабанные вакуум-фильтры.

ANNOTATION

In this project, the work of the zinc leaching shop in the conditions of LLP "Kazzinc" is considered. The theoretical foundations of the process of leaching of the ores are studied. The practice of the process, features of production, factors affecting the process, main and auxiliary equipment are analyzed. In addition, the technological calculations, including the calculation of the material balance, the calculation of the flow and composition of zinc cake, the calculation of the main equipment. To determine the economic efficiency of the project, appropriate calculations were carried out. In the Department of safety and labor protection were identified the main dangerous and harmful factors in the shop, as well as in accordance with the legislation carried out measures to combat them.

The main innovation of the project is to improve the technical and economic performance of the process by replacing the unit operating by mechanical mixing, the unit operating by pneumatic mixing. Disk vacuum filters were also replaced with drum vacuum filters.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Теориялық бөлім	10
1.1 Күйінділерді шаймалаудың схемалары мен тәсілдері	10
1.2 Күйіндінің сипаттамасы және шаймалау кезіндегі негізгі физика-химиялық процестер	15
1.3 Шаймалау процесінің жылдамдығы мен сапалық көрсеткіштеріне әсер ететін факторлар	18
1.4 Шаймалау процесінің тәжірибесі	20
1.4.1 Үздіксіз шаймалау әдісі бойынша жобаланатын өндірістің тәжірибесі	22
1.5 Пульпаны тұндыру және қоюландыру	24
1.6 Пульпа мен ерітінділерді сүзу	26
2 Күйіндіні шаймалауға арналған жабдықтар	29
2.1 Пневматикалық араластырылатын чан	29
2.2 Механикалық араластырылатын чан	31
2.3 Қоюландырғыш	32
2.4 Вакуум-сүзгілер	33
3 Технологиялық процестің есептелуі	37
3.1 Материалдық баланс есебі	37
3.2 Негізгі және қосымша жабдықтың есебі	37
4 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	38
4.1 Қауіпті және зиянды факторлардың талдауы	38
4.2 Санитарлы гигиеналық шаралар	40
4.3 Өртке қарсы шаралар	40
5 Экономикалық бөлім	42
5.1 Еңбек режимі	42
5.2 Еңбекті ұйымдастыру	42
Қорытынды	43
Пайдаланылған әдебиеттер	44
А қосымшасы	45
Б қосымшасы	55
В қосымшасы	58
Г қосымшасы	62

КІРІСПЕ

Мырыш – гексагональды тығыз қапталған торы бар күміс түсті ақ металл. Тығыздығы $7,14 \text{ г/см}^3$, балқу температурасы $419,5^\circ\text{C}$, қайнау температурасы 906°C құрайды. Мырыш таза күйінде табиғатта кездеспейді. Тек қосылыстар түрінде ғана болады. Бүгінгі күні мырыштың 66 минералы белгілі, оның ішінде ең көп таралғаны сфалерит (ZnS), виллемит (Zn_2SiO_4), каламин ($\text{Zn}_2\text{SiO}_4\text{H}_2\text{O}$), смитсонит (ZnCO_3), франклинит (ZnFe_2O_4). Өндірісте ең кеңінен қолданылатын минерал сфалерит немесе мырыштық күкіртті қоспа болып табылады. Минералдың негізгі компоненті мырыш сульфиді, ал оның құрамындағы әртүрлі қоспалар затқа түрлі түстер береді. Мырыштың жер қыртысындағы жалпы мөлшері $8,3 \cdot 10^{-3}\%$ құрайды. Әдетте мырышты құрамында 1-4 % мырышы бар сульфид күйінде кездесетін полиметалдық кендерінен алады. Мырыш өнеркәсібінде металдық мырышты екі жолмен алады: пирометаллургиялық және гидрометаллургиялық. Бірқатар елдерде мырышты гидрометаллургиялық әдіспен өндіреді.

Мырыштың гидрометаллургиялық өндірісіндегі шешуші буын күйдірілген концентратты шаймалау процесі болып табылады. Шаймалау процесінен алынған ерітінділер мырышты электротұндырады. Барлық операциялардың белгіленген технологиялық режимін қатаң сақтау және шаймалаудың дұрыс жүргізілуі мырыш зауытының көптеген көрсеткіштеріне, бірінші кезекте металл шығару, электр энергиясының шығынына және мырыштың өзіндік құнына байланысты. Гидрометаллургиялық өндірістің схемасы бойынша шаймалау процесі күйіндінің жіктелуінен кейін тікелей жүргізіледі. Мырыш өндірісінде бұл жағдайға көп көңіл бөлінеді. Мұнда күйіндіні шаймалау бірнеше түрлі операциялардың жиынтығы ретінде қабылданған: күйіндінің еріткішпен байланысы, шаймалау операциясы, пульпаны қоюлату және тұндыру, қатты қалдықты сүзу және басқа да қажетті операциялар.

1 Шаймалау процесінің теориялық негіздері

1.1 Күйінділерді шаймалаудың схемалары мен әдістері

Қазіргі уақытта күйдірілген концентратты шаймалаудың әртүрлі әдістері мен схемалары бар. Мырыш гидрометаллургиясының технологиялық схемаларында күйдірілген концентратты шаймалау процестерінегізгі үш ерекшелігімен ерекшеленеді: шаймалау әдісімен (үздіксіз және кезеңді), кезеңдер санымен (бір, екі, үш сатылы схемалар), қышқыл режимімен (ерітіндідегі күкірт қышқылының концентрациясы). Күйінділерді шаймалаудың үздіксіз әдісі кезінде қышқыл ерітінді берілген массалық немесе көлемдік қатынаста үздіксіз шаймалауға түседі. Бұл ретте пульпа пневматикалық немесе механикалық араластырылатын чандарда үнемі айналдырылады. Бастапқы материалдардың арақатынасын өзгерту арқылы шаймалау процесінің режимін реттеуге болады. Үздіксіз әдіс алғашында Өскемен, Челябин, Лениногор зауыттарында және «Электроцинк» зауытында қолданылады. Шаймалаудың үздіксіз әдісі күйіндінің физикалық жылуын қолданып, гидрометаллургиялық жабдықты жоғары тиімділікпен пайдалануға мүмкіндік береді, өйткені бұл ретте аппаратураны толтырып немесе босатып қалдыруға болмайды. Технологиялық режимді басқарып, процесті толық автоматтандыру мүмкіндігі, процестің жоғары емес қышқылдығы, кейінгі өндірістік операциялар үшін экзотермиялық реакциялардың жылуын барынша сақтауға болады. Сапасы төмен және ауыспалы құрамды шикізатты қайта өңдеу көбінесе технологиялық процестің айтарлықтай бұзылуына әкеледі. Үздіксіз шаймалау процесі күйіндіні тасымалдау үшін айналмалы ерітінділердің үлкен көлемін талап етеді. Бұл әдіспен жақсы, сапалы, тұрақты химиялық құрамды, жоғары сұрыпты мырыш концентратын, әсіресе, үлкен өндіріс ауқымында жоғары тиімділікпен өңдеу жүзеге асырылады.

Кезеңді әдіс – шаймалау операциясында күйінді мен қышқылдың дәл мөлшерленуімен, процестің үзік және тура ағысымен, мырышты еріту кезіндегі жоғары бастапқы қышқылдылықпен сипатталады. Кезеңді әдіс үшін жабдық ретінде әдетте механикалық және пневматикалық араластырылатын чандар қолданылады. Шаймалаудың әрбір операциясы чанға күкірт қышқылының (өңделген электролит) кезекті порциясын, айналмалы ерітінділерді тиеуден, белгілі бір уақыт ішінде күйдірілген концентратты араластырудан және дайын пульпаны тұндыру немесе сүзу аппараттарына түсіруден тұрады. Кезеңді шаймалау құрамы жағынан төмен сұрыпты және күрделі шикізатты өңдеуге жарамды. Өйткені, процесс дайын пульпаның сапасын неғұрлым қатаң бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Кезеңді әдіс шаймалаудың технологиялық режимін реттеуге үлкен жақсы мүмкіндік береді. Сондай-ақ, кезеңді әдісте шикізат өзгермелі сипатқа тез бейімделеді. Бұл әдіс үздіксіз шаймалауға қарағанда реакциялар мен негізгі жабдықтың экзотермиялық жылуы төмен [1].

Шаймалаудың үздіксіз және кезеңдік әдістерін қарастыра отырып, процестің артық және кем тұстарын анықтауға болады. Үздіксіз әдістің негізгі артықшылықтары:

- жабдықтың үлкен өнімділігі (тиеу мен түсірудің тоқтап қалуы жойылады);
- процесті толық автоматтандыру мүмкіндігі;
- ерітіндінің бастапқы қышқылдығы төмен болған кезде шаймалау процесінің жүргізілуі.

Бұл әдістің кемшіліктері:

- қоспалармен ластанған төмен сортты концентраттарды қайта өңдеу мүмкін емес;
- шикізаттың тұрақты сипаты болу керек;
- жоғарғы сапада қызмет көрсету қажет.

Шаймалаудың кезеңді әдісі айтарлықтай кемшіліктерге ие. Себебі жабдықтың тиеу және түсірудің тұрып қалуына жол береді. Шаймалау ерітіндінің жоғары бастапқы қышқылдығы кезінде жүргізілетіндіктен, автоматтандыру қиынға түседі. Жоғары концентрациялы 50-100 г/л күкірт қышқылымен күйіндінің тікелей байланысы әсерінен құрамында кремнезем бар концентраттарды мұндай әдіспен өңдеуге мүмкіндік бермейді. Өйткені шаймалаудың бастапқы кезеңінде ерітіндіге өте көп кремний қышқылдары өтетіндіктен, ол кектерді сүзудің одан әрі процесін қиындатады.

Бұл тәсілдің маңызды артықшылықтары:

- әрбір операцияда күкірт қышқылының ерітіндісі мен күйіндіні тиеудің нақты есебі;
- универсалдылық, мышьяк, кремнезем және мыстың көп мөлшері бар кез-келген ең төменгі сортты концентраттарды қайта өңдеу мүмкіндігі;
- ақаудың пайда болуына жол бермейтін технологиялық процесті қатаң бақылауы;
- ерітінділердің жоғары сапасы;
- темірдің тотығуы үшін марганец кенінің шығынын күрт қысқарту мүмкіндігі [2].

Шаймалау схемасы. Қазіргі таңда күйдірілген мырыш концентраттарын шаймалау схемалары шаймалау әдісіне (үздіксіз немесе кезеңді) қарамастан екі сатыда күкірт қышқылында күйіндіні ерітуді көздейді. Бірінші сатыда міндетті түрде шаймалау соңында бейтарап орта болғандықтан, бейтарап шаймалау деп, ал екінші сатыда ерітіндіде еркін қышқыл болған жағдайда аяқталғандықтан қышқыл шаймалау деп аталады. Күйінділерді бір сатылы шаймалау кезінде айналмалы шайынды судың аз мөлшерін қосып, өңделген электролитпен бір сатыға өңделеді. Ерітінділердің қолданылатын қоспасының қышқылдығы өңделген электролиттегі күкірт қышқылының концентрациясынан ерекшелегі аз. Бір сатылы шаймалау операциясы бір ғана аппаратта да, бірнеше аппаратта да күйінділерді еріту тәсіліне байланысты жүргізілуі мүмкін. Кезеңді бір сатылы процесс кезінде алдымен бастапқы материалдарды ерітеді. Онда ерітіндінің қышқылдығы 2-3 г/л дейін (бірінші саты) төмендейді. Содан кейін


араластыруды үзбей, қоспаларды гидролитикалық тұндыру мақсатында бастапқы материалды қоспамен қалдық қышқылдықты бейтараптандырады (екінші саты). Үздіксіз бір сатылы процесс кезінде бас реакторға пульпаның қышқылдығы жоғарыда көрсетілген концентрацияға дейін тез төмендететін артық күйіндіні береді. Екі жағдайда да қатты қалдықтан бөлінген кектен кейін бейтарап ерітіндіні әрі қарай тазартуға жібереді. Бір сатылы технологиялық схема бойынша қоспаларды кекке күкірт қышқылымен қайта өңдемей шығару және оның циркуляциясының толық болмауына байланысты басқа схемалар бойынша біршама таза бейтарап ерітінді алынады. Бұл ретте технологиялық жабдықтардың саны көп емес. Схема қарапайымдылығымен, универсалдығымен (әсіресе кезенді процесс кезінде) және жоғары еңбек өнімділігімен ерекшеленеді. Алайда, оны жүзеге асыру үшін жақсы дайындалған, жұқа ұсақталған күйінділер болуы керек. Өйткені шаймалаудың екінші сатысы күйіндінің артығымен жүргізіледі. Кек қалдықта қалады, сол арқылы мырышты ерітіндіге тікелей шығарылуы төмендетіледі. Сол себепті қазіргі уақытта бір сатылы шаймалау схемасының орынына, екі сатылы схемалы шаймалау ең көп таралған. Бірінші кезекте бейтарап шаймалау, содан соң қышқыл шаймалау орындалады. Бейтарап шаймалауға өңделген электролиттің бір бөлігі, қышқыл ерітіндімен бірге қышқыл шаймалаудың сүзгілері, айналмалы ерітінділер, шайынды сулар түседі. Бейтарап шаймалау кезінде гидролиз әдісімен темір, алюминий, мышьяк, сурьма, кремний қышқылының қоспаларынан мырыш сульфатының ерітінділерін тазартуды көздейді. Бұл тек бейтарап ортада ғана жүргізіледі ($pH = 5,2-5,4$). Ерітінділерді бейтараптандырғанда коллоидты кремнеземді кристалды модификацияға ауыстыруға ықпал ететін жылу $50-60^{\circ}C$ дейін қыздырылып, сұйықтық бөлінеді. Бөлінген сұйықтық металдардың гидроксиді ерітіндісінен түсіп коагуляцияланады. Бейтарап пульпа жіктеуден кейін (күм бөлінеді) қоюландыруға түседі. Қоюландырғыштың жоғарғы құймасы қоспалардан тазартуға және электролизге, ал төменгі құйманы күммен бірге қышқыл шаймалауға жібереді [3].

Осылайша, шаймалау процесінде алынады:

- а) бейтарап ерітінділер алғашқы шаймалаудан одан әрі өңдеуге түседі;
- б) қышқыл шаймалауға түсетін бейтарап ерітінділер (қоюландырғыштарды құю, сүзгілер), айналмалы және ағынды сулар;
- в) қышқыл шаймалау нәтижесінде алынған қоюландырылған жуылған тұнба – кек.

Шаймалаудың екі сатысы мырышты еріту үшін де, ерітінділерді қоспалардан тазарту үшін де қолданылады. Ерітінділерді қоспалардан тазарту, бейтарап ортада ерітіндіден пульпаның қатты бөлігіне қоспалардың шөгуі орындалатын екі сатыда жүргізіледі, ал қышқыл сатыда мырыш кектері бар пульпадан қоспаларды шаймалау цехының шегіне тыс шығарады. Күйдірілген концентраттарды екі сатыда үздіксіз өңдеу схемасы (бейтарап және қышқыл шаймалау жүргізумен) мырыштың гидрометаллургиялық өндірісінің


стандартты схемасы. Бұл схемаға қарағанда кейде үш сатыда шаймалау қолданылады: бір бейтарап және екі қышқыл.



1 Сурет – Күйдірілген мырыш концентратын шаймалаудың үздіксіз екі сатылы технологиялық схемасы

1-суретте шаймалаудың үздіксіз әдісі кезінде күйдірілген мырыш концентраттарын өңдеудің схемасы көрсетілген. Ыстық күйіндіні күйдіру пештеріндегі науада қышқыл қоюландырғышты құйып жуылады. Бейтарап конустарда ылғалды жіктеуден кейін бейтарап пульпа түріндегі күйіндінің ұсақ фракциясы (-0.3 мм) бейтарап шаймалау чандарына түседі. Бұл чаннан өтіп пульпа қоюландырғышқа қоюландыруға және тұндыруға жіберіледі. Тазартылған ерітіндіні одан әрі тазалау бөлімшесі шығарады және электролиз цехына түседі, онда оның құрамындағы мырышты 50-ден 60%-ға дейін тұндырады. Бейтарап қоюландырғыштардың төменгі өнімі қоюлатылған пульпаны электролиз цехынан өңделген электролит келіп түсетін қышқыл

шаймалау сатысына жібереді. Өңделген электролиттің бір бөлігін ылғалды жіктеу процесінде құмдардың бұзылуына жібереді. Қышқыл шаймалаудан кейін пульпа да қоюландыруға түседі. Қоюландырғыштарды ағызу күйіндіге жіберіледі, ал қоюландырылған пульпа вакуум-сүзгілерде сүзіледі. Сүзілген қатты қалдық – мырыш кегі одан әрі өңдеуге барады. Сүзгіш қышқыл шаймалауға қайтарылады. Бейтарап сатыда 5-8%-дан көп емес мырыш ериді. Қышқыл пульпаны жіктегеннен кейін конустарда құю процестің басына күйдіру пештерінің астына түседі. Құмдарды шаймалауға өңделген электролиттің тәуліктік мөлшері 50%-дан кем емес мөлшерде беріледі. Осыған байланысты шаймалаудың бейтарап сатысында мырыш 60%-ға дейін ериді. Схеманың келтірілген өзгеруі ерітінділерді қоспалардан тазартуды біршама нашарлатады. Себебі бейтарап тармаққа ерітінділердің бір бөлігі жоғары қышқылдылықпен және қоспалардың ұлғайтылған құрамымен келіп түседі[4].




2 Сурет – Кезеңді тәсілмен екі сатыда шаймалаудың технологиялық схемасы

Күйіндіні кезеңді әдіспен екі сатыда шаймалаудың технологиялық схемасы 2-суретте ұсынылған. Құрғақ жіктеуден кейін күйінділер алдын-ала қышқыл ерітіндімен толтырылған бейтарап шаймаланатын араластырғышқа жүктеледі. Шаймалау аяқталғаннан соң пульпаны қоюландырғышқа тұндыру үшін құяды. Бейтарап ерітінді болып табылатын қоюландырғыштардың жоғарғы төгілуі үздіксіз шаймалау схемасындағы сияқты одан әрі өңделеді. Қойылтылған пульпаны қышқыл шаймалау аппараттарына береді, онда өңделген электролитпен араласады. Ары қарай қоюландыру және сүзу операциялары үздіксіз шаймалау схемасындағы операцияларға ұқсас атқарылады. Қышқыл қоюландырғыштарды құю бейтарап шаймалауға түседі. Зауыттардың бірі қышқыл шаймалаудың орнына төмен қышқылдық кезінде қойылтылған пульпаны бөліп шаймалауды жүргізеді. Осы операциядан кейін пульпа қоюланбай шаймалауға түседі. Сүзгі процестің басына бейтарап шаймалауға оралады. Келтірілген шаймалаудың типтік схемалары өңделетін концентраттардың химиялық және минералогиялық құрамына қатысты әр зауытта толықтырылуы немесе өзгертілуі мүмкін. Осы схемадамырыш сульфатының таза ерітінділерін алу және балқытудан ең көп мырышты алу анықтаушы сәт болып табылады [1].

1.2 Күйінділерді шаймалаудың схемалары мен тәсілдері

Мырыш қосылыстары. Күйдірілген концентратта мырыш негізінен ZnO , $ZnSO_4$, $ZnO \cdot Fe_2O_3$, $2ZnO \cdot SiO_2$ және ZnS түрінде болады. ZnO мырыш тотығы күкірт қышқылында мына реакция бойынша ериді:



Ерітіндідегі күкірт қышқылының жеткілікті мөлшері мен пульпаны қарқынды араластыру кезінде бұл реакция тез өтеді. Реакция процесінде жылу бөлінеді, ортаның температурасы жоғарылайды, реакция жылдамдығына жағымды әсер етеді [5].

$ZnSO_4$ мырыш сульфаты суда оңай ериді және оны ерітіндіге ауыстыру қиындық тудырмайды. Күйіндідегі мырыш сульфатының артық мөлшері ерітіндінің үлес салмағын және ондағы мырыш концентрациясын арттырады. Мырыш ферриті $ZnO \cdot Fe_2O_3$ әлсіз күкірт қышқылында нашар ериді, тұтас қатты қалдыққа өтеді. Мырышты феррит қосындыларынан ерітіндіге ауыстыру үшін күкірт қышқылының үлкен концентрациясы (200 г/л және одан жоғары) мен жоғары температура ($80-90^{\circ}C$) қажет. $2ZnO \cdot SiO_2$ мырыш силикаты кремнеземмен ластанған күкірт қышқылында жақсы ериді.

Мырыш сульфидін еріту күшті күкірт қышқылында және жоғары температурада реакция бойынша сәтті өтеді:




Ерігенде күкіртті сутек газ бөлінеді. Күкірт қышқылының сұйылтылған ерітінділерінде мырыш сульфиді ерімейді. Осылайша, күйіндіні шаймалау процесінде мырыш тотықтан, сульфаттар мен силикаттардан ерітіндіге жақсы алынады. Феррит және мырыш сульфиді өте аз дәрежеде ериді және қатты қалдыққа ауысады [5].




Темір қосылыстары. Күйіндіде FeO , Fe_2O_3 , Fe_3O_4 түрінде кездеседі. Реакция бойынша темір тотығы күкірт қышқылымен ең оңай әрекеттеседі:



Темір үш валентті тотығы Fe_2O_3 ерітіндіге тек қышқыл шаймалау кезінде және аз мөлшерде келесі реакция бойынша өтеді:





Шаймалаудың екі сатысында күйіндідегі темірдің 5 %-ға дейінгі құраушысы ериді. Бұл туралы темір концентраттарын шаймалау кезінде есте сақтау қажет. Ерітіндіде жақсы күйдірілген концентратты шаймалағанда алғашқыда 100 мг/л аспайтын темір сульфаты FeSO_4 құрайды. Қалған темір $\text{Fe}_2(\text{SO}_4)_3$ түрінде қалады. Одан әрі темір тотығының сульфатынан басқа металдар мен күкіртсутектің сульфидтері әсерінің салдарынан тотықтың сульфаты реакциялар бойынша тотықтың сульфатына айналады. Күйіндіні шаймалаудың бірінші сатысында, яғни қышқыл ортада, темір тотығының сульфаты әртүрлі қалпына келтіргіштермен (металл сульфидтері, күкіртті газ, күкіртті сутек, металлдық мырыш, мыс, кадмий, мыстың бір валентті қосылыстары және т.б.) реакциялар бойынша шала тотықтың сульфатына дейін қалпына келтірілуі мүмкін:



Шаймалаудың бейтарап тармағындағы темір тотығының сульфаты гидролизденеді және тұнбаға тотықтың гидраты түрінде түседі, ал ерітіндіде күкірт қышқылы түзіледі.



Мыс қосылыстары. Күйдірілген өнімдегі мыс тотығы CuO , мыс ферриті $\text{CuO} \cdot \text{Fe}_2\text{O}_3$ және мыс силикаты $\text{CuO} \cdot \text{SiO}_2$ келесі реакциялар бойынша ериді:



Мыс ферриті мен силикаты ерігенде темір мен кремнезем ерітіндіге жартылай өтуі мүмкін. Шаймалау кезінде күйіндідегі барлық мыс 50%-ға дейін



ериді. Жоғары мысты концентраттарды өндеуде ерітіндідегі мыс 3 г/л-ден астам болады. Мыс ферриті мырыш ферриті секілді әлсіз күкірт қышқылында ерімейді және кекте қалады.

Кадмий тотығы. Кадмий тотығын шаймалау мыс тотығын шаймалауға ұқсас болып келеді. Ол реакция бойынша ериді:





Ерітіндіге барлық кадмийдің 70 %-ға дейінгі бөлігі күйіндіге өтеді. Әлсіз күкірт қышқылында кадмий ферриті мен сульфиді ерімейді[4].

Мырыш кектерін гидрометаллургиялық өндеу кезінде жоғары қышқылдық пен жоғары температура жағдайында кадмий сульфиді және ферритімына реакциялары бойынша ерітіледі:



Мышьяк пен сурьма қосылыстары. Шаймалау процесінде мышьяк пен сурьманың үшоксиді қосылыстары келесідей реакциялар бойынша сульфаттар түзе отырып ериді:



Бейтарап және қышқыл сатыларда осы қоспаларды процестен жоюға көп көңіл бөлінеді. Темірдің күкірт қышқылды тотығы сияқты, мышьяк пен сурьма сульфаттары бейтарап ортада гидраттар бере алады[5].

Кремнезем. Кремнезем бос күйінде күкірт қышқылымен өзара әрекеттеспейді, бірақ қорғасын және мырыш тотықтарымен силикатқа байланысты бола отырып, ерітіндіге оңай ауысады. Шаймалаудың бірінші сатысында (қышқыл ортада) ерітіндіде кремнезем күл түрінде болады. Қышқылдығы $\text{pH}=3\div 4$ дейін төмендегенде кремний қышқылы коагуляциялана бастап, гельге айналады. Егер шаймалау процесі аяқталса, онда тұндырғыш аппаратурада кремний қышқылының гелінен қалқымалы өріс пайда болады[1].

Күйдірілген концентратта кобальт пен никель, кейде германий де жиірек кездеседі. Бұлардың барлығы шаймалағанда ерітіндіге өтеді, кейін электролиз процесін қиындатады. Қорғасын мен кальций күкірт қышқылында ерігенде мырыш кектерінде қалатын PbSO_4 , CaSO_4 сульфаттарын құрайды. Калий, натрий, магний қосылыстары, сондай-ақ хлорлы және фторлы қосылыстар оңай еріп, шаймалау процесінде ерітінділерде жинақталады [2].

1.3 Шаймалау процесінің жылдамдығы мен сапалық көрсеткіштеріне әсер ететін факторлар

Күйдірілген концентратты шаймалау процесі бірнеше операцияларға бөлінеді:

- а) бейтарап шаймалау;
- б) пульпаны тұндыру;
- в) бейтарап құйманы сүзу;
- г) қышқыл шаймалау;
- д) пульпаны қоюландыру;
- е) қойылтылған пульпаны сүзу.

Өздігінен шаймалау операциясын жүргізу шарттарын қарастыра отырып, әртүрлі факторлардың әсерін және келесідей тұндыру, қоюландыру, сүзу үрдістерінің ағуын ескеру қажет. Мұндай факторларға бірінші кезекте жатқызылады:

- а) күйіндінің физикалық жағдайы;
- б) пульпаның араластыру қарқындылығы;
- в) ерітіндінің қышқылдығы;
- г) орта температурасы;
- д) шаймалау ұзақтығы.

Шаймалау процесінде реакциялардың жүру жылдамдығына күйіндінің ірілігі үлкен әсер етеді. Күйіндінің жұқа бөлігі ірі құм немесе күйдірілген концентраттың комкасына қарағанда күкірт қышқылында тез ериді. Күйіндідегі әртекті кесектердің болуы шаймалаудың сапалық көрсеткіштеріне қолайсыз әсер етеді, өйткені шаймалау процесі орташа шамадағы түйіршіктердің негізгі массасына қатысты белгілі бір жағдайларға теңеледі және сол жағдайларда ірі бөлшектерден мырыш толық алынбайды. Мырышты ерітуді жеделдету үшін пульпаны пропеллерлік механикалық араластырғыштарда немесе сығылған ауаны пайдалана отырып араластырады. Мырышты күкірт қышқылында ерітубеткі бөлігінен басталады. Сондықтан қатты бөлшектер сұйықтыққа батырылады. Еріткіштің бетіне жақын қабаты біртіндеп күкірт қышқылымен қанығады және мырыш сульфатымен байытылады. Осыған байланысты еру жылдамдығы азаяды. Шаймалау кезінде пульпаны араластыру еріту бөлшектерінің айналасындағы еріткіштің қабатын үздіксіз жаңартуға және ерудің тұрақты жылдамдығын ұстап тұруға мүмкіндік береді[6].

Ерітіндінің қышқылдығы шаймалау процесіндегі аса маңызды фактор болып табылады. Шаймалау операциясына екі мақсат қойылады: мырышты толық алу және басқа металдарды тұнбада қалдыру. Мырышты толық еріту үшін еріткіштің жоғары қышқылдығы қажет, ал қоспаларды ерітіндіге аз ауыстыру үшін күкірт қышқылының ең аз концентрациясы қажет. Ортаның қышқылдығы жоғары болған сайын, күйіндіні еріту жылдамдығы (белгілі бір шектерде) соғұрлым көп, бірақ ерітінділер лас болады. Сондықтан шаймалаудың қышқылдық режимі концентраттардың әрбір түрі үшін алдын-ала зерттеу жұмыстарының негізінде белгіленеді. Күйіндіден мырышты толық

алу және таза ерітінділерді алу үшін күйдірілген концентратты алдымен мырыштың артық тотығы бар шаймалаудың бейтарап сатысында қышқыл ерітіндімен өңдейді. Бұл ретте қоспалардың бір бөлігі тұнба ерітіндісінен өтеді. Қоспалардың тұну дәрежесі пульпадағы мырыш тотығының артуымен байланысты. Мырышты тұнбадан қосымша алу процестің қышқыл сатысында мырышты толық ерітуге жеткілікті аз қышқылдықпен жүргізіледі. Осы тұрғыдан алғанда, үздіксіз шаймалау схемасы кезеңді тәсілдердің алдында сөзсіз артықшылықтарға ие. Үздіксіз тәсілде құрамында 5 г/л күкірт қышқылы бар ерітінділерді күйіндіге беруге толық мүмкіндік бар. Бұл пульпада мырыш тотығының артық болуын және бейтарап мырышта қоспалардың барынша шөгуін қамтамасыз етеді. Қалған ерімейтін мырыш қышқыл тармаққа жеткілікті толымдылықпен алынуы мүмкін. Бейтарап шаймалауға түсетін ерітінділердің төмен қышқылдығы және осы ерітінділермен араласатын күйіндінің үлкен массасы бейтарап сатыдағы ортаның рН 5,4-5,6 деңгейінде тұрақтандырады. Осының салдарынан тұндыру және гидролитикалық тазарту процестері, сондай-ақ, ерітінділерді сүзу және қоспалардан тазарту өте сәтті болып келеді. Бейтарап сатыдағы рН берілген шамасы сөзсіз қатаң сақталуы тиіс. Қышқыл шаймалауда бейтарап тармақта тұнған қоспалардың бір бөлігі ерітіндіге қайта ауысады. Кектермен қоспаларды жүйелі түрде шығаруды қамтамасыз ету үшін және сонымен бірге мырышты ерітіндіге, қышқыл тармақтарының соңында, яғни қышқыл қоюландырғыштарды құюда қышқылдықты 1-2 г/л H_2SO_4 шегінде орнатады. Бұл ретте қоюландырылған пульпа қышқылдығы 0,5 г/л-ге дейін H_2SO_4 қоюландырғыштан түсіріледі. Төменгі өнімдегі қышқылдықтың жоғарылауы мырыш кектерін сүзуге теріс әсер етеді. 25 %-дан аспайтын күйінді құрайтын құм фракциясы жоғары қышқыл режимінде өңделуі мүмкін, ал сілтілі бөлігі төмендегенде осының есебінен өңделуі мүмкін. Теориялық тұрғыдан әрбір фракция үшін қышқыл режим қажет. Бірақ бұл қағидатты іс жүзінде жүзеге асырудың күрделілігіне байланысты ол өндірісте толық жүргізілмейді. Кремний немесе темір концентраттарын қайта өңдеу жағдайында шаймалаудың жоғары қышқылдығы мүлдем болмайды. Өйткені бұл ретте пульпаны тұндыру және сүзу процесі бұзылады. Шаймалаудың кезеңдік әдісінде бастапқы қышқылдық күйіндіден қоспаларды ерітуге ықпал етеді, соңғы қышқылдық шаймалау соңында тұнбаға өтетін қоспалардың мөлшерін анықтайды [7].

Шаймалау процесінің температурасы да маңызды рөл атқарады. Күкірт қышқылында мырыш қосылыстарын ерітудің барлық реакциялары ерітінділердің 50-60⁰С температурасында жылдамырақ болады. Ерітінділердің температурасы тұндыруға, қоюландыруға және пульпаны сүзуге қолайлы әсер етеді. Пульпаны қыздыра отырып, ерітінділерде тұндыру процесін нашарлату қаупінсіз мырыш сульфатының жоғары концентрациясымен жұмыс істеуге болады. Пульпаны шаймалаудың үздіксіз процесінде ыстық күйінді ерітінділермен түйісуі есебінен қыздырылады. Сонымен қатар, жылыту шаймалау процесінің барлық буындарында қажетті температуралық режимді қолдану үшін жеткілікті болады. Шаймалаудың жоғары температурасын

қолдана отырып, мырыш ферриттері сияқты қосылыстардан мырыш алынады. Ерітіндінің булануынан жылу шығынын азайту үшін барлық жабдықтар қақпақтармен жабылады. Шаймалау ұзақтығы белгілі шекке дейін мырышты күйіндіден алудың толықтығын арттырады. Бірақ процестің созылуының теріс жақтары да бар. Себебі бейтарап сатыда пульпаның ұзақ араласуы темір гидраттарының ірі үлпектерінің ұсақ бөлшектерге бөлінуі салдарынан тұндыру процесінің нашарлауына алып келеді. Процестің баяулығы мырышты алу кезінде қоспалардың ерітіндіге өтуін арттырады. Тәжірибеде бейтарап тармақта ерітіндінің қышқылын мүмкіндігінше тезірек бейтараптандыру және ерітінділерді тұндыруға беру қабылданған. Қышқыл тармаққа шаймалау ерітінділерді жақсы араластыруды және қыздыруды тездетеді [1].

1.4 Шаймалау процесінің тәжірибесі

«Қазмырыш» ЖШС құрамына кіретін бейтарап шаймалау бөлімшесі екі сатылы үздіксіз шаймалау сызбасы бойынша жұмыс істейді. Осы сұлба бойынша цех жұмысын талдай отырып, үздіксіз шаймалау әдісінің қалай жүргізілетіні анықталды. Бейтарап пульпаны қоюлатқанда гидролизденетін қоспа алынады. Қоспалардың бір бөлігі бейтарап қоюландырғыштардың жоғарғы құймасына түседі. Осы бейтарап қоюландырғыштардан ағартылған ерітіндінің бір бөлігі төменгі құймамен шығарылып, қайтадан шаймалау процесіне бағытталады. Пульпа бейтарап тармақтарда қосымша араластырылады да онда қалдық қышқылдығы бейтараптандырылады. Чаннан пульпа бейтарап қоюландырғыштардың көмегімен біркелкі бөлінеді. Қоюланған пульпаны тұндыру процесіне рН және пульпаның с:қ қатынасы үлкен әсер етеді, олардың мәні әрбір 30 мин сайын бақыланып тұрады. Сонымен қатар ерітіндідегі темір асқын тотығымен мыстың құрамы бір уақытта, ал пульпаның тұндыру жылдамдығы 30 мин ішінде сантиметрмен анықталады. рН және тұндыру жылдамдығын уақтылы бақылау процесс бұзылуының алдын алуға, сонымен бірге процесстің тиянақты жүргізілуіне мүмкіндік туғызады. Тұрақты құрамда пульпаны тұндыру қиындықсыз жүргізіледі. Бейтарап тармақтың қоюландырғыштары екі өнім береді:

- а) жоғарғы өнім – бейтарап құйма;
- б) төменгі өнім – қоюлатылған пульпа.

Бейтарап құйманың мырыш, мыс, кадмий, темір асқын тотығы, мышьяк, сурьма құрайды. Құйманың үлес салмағы 1,300-1,370 рН шегінде жиі 5,2-5,4 ауытқиды. Процестің қалыпты ағымы кезінде қоюлатқыштағы мөлдірленген бөліктің биіктігі 100 см-ге жетеді. Тұндыруды 30 смден төмендетуге жол берілмейді. Тұндыру шамасы әрбір 30 мин сайын бақыланады. Бейтарап қоюландырғыштардың құймасының жоғарылығы ерітінділерді қоспалардан тазартуға жібереді. Қоюландырғыштардың төменгі өнімі с:қ = 3-5/1. Қоюлатылған пульпаның қатты бөлігінің құрамы шаймалауға түсетін пульпаның қатты құрамымен ерекшелегі аз. Қоюландырғыштардың жұмысы

үздіксіз бақылауда болады.Қайта қазу механизмінің жүктемесін бақылау үшін іске қосу аппаратурасының қалқанында тоқ күшін анықтайтын амперметрлер орнатылады.Қоюландырғыштардың шамадан тыс жүктелуінің көрсеткіші жиі бұрамалы редуктордың температурасын жоғарылатады. Қоюландырғышта пульпаның деңгейі тұрақты болуы тиіс, ол ағартылған құйманың қалыпты құйылуын қамтамасыз етеді.Қою пульпаны қышқыл шаймалауға айдау үшін бейтарап қоюландырғыштар арасында ойықтар орнатылады,онда орталықтан тепкіш құм сорғыларына арналған қабылдау жәшігі болады. Қабылдау жәшігіне пульпа қоюландырғыштардан құбырлар арқылы өздігінен ағады. Пульпаны қоюландырғыштардан тығынды кранмен шығарады. Қоюландырғыш 2 тығын кранынан тұрады, біреуі резервтік болып табылады [3].

Үздіксіз шаймалау процесінің тұрақтылығы үшін цех аппаратындағы ерітінділер көлемінің тұрақтылығы өте маңызды. Ерітінділер көлемінің тұрақтылығы ерітінділердің балансы деп аталады.Күн сайын барлық гидрометаллургиялық өндіріс бойынша айналатын ерітінділердің тұйық шеңберіне кектерді жуу, төсемдерді, едендерді, алаңдарды жуу орындарында, электролитті ванналардағы салқындатқыш ирек түтікшелер, мойынтіректердің су тығыздағыштары арқылы және әртүрлі магистральдардан судың ағуы салдарынан судың кейбір мөлшері енгізіледі.Бұл су цех аппаратындағы ерітінділердің көлемін арттырады, кейде оның толып кетуіне, ерітінділердің құйылуына әкеледі. Тәулік сайын судың келуі, ерітінділердің булануы, олардың кеуектермен және топыраққа әртүрлі ағып кетуі, яғни ерітінділердің кірісі мен шығысында тепе-теңдік сақталуы мұндай құбылысты болдырмай алдын алады.Шаймалау цехында ерітінділердің қалыпты балансын сақтау үшін апаттық жағдайларда өңделген электролит пен ерітінділерді процестен жылдам шығару және процесске күкірт қышқылын, өңделген электролит пен ыстық суды немесе қажет болған жағдайда буды енгізу мүмкіндігі үшін аппаратурада бос сыйымдылықтың болуы қажет.Үздіксіз шаймалау кезінде ерітінділер мен пульпаларды ашық науалар арқылы жіберетіндіктен, олардың жарамдылығын бақылауға көп көңіл бөлінеді.Ерітінділердің кішкене құйылуы жабдықтардың мерзімі жетпей істен шығуына алып келеді. Мұндай жауапкершілік көбінесе темірден жасалған шеңбермен тартылған ағаш аппаратураларда жұмыс жасайтын зауыттарға талап етіледі. Сондықтан шаймалау цехының жабдықтарын бүлінбеген күйде ұстау үшін жоспарлы-ескерту жөндеу кестесі қатаң сақталынады [3].

Қышқыл шаймалау ауамен араластырылатын чандар тобында жүргізіледі (4-5 дана). Бірінші, бас чанға бейтарап қоюландырғыштардың төменгі құйылысынан басқа, өңделген электролитті, ал кейбір зауыттарда қышқыл конустарды құюды жібереді.Қышқыл тармақтарда берілген қышқыл режимін дәл сақтау үшін белгілі бір ара қатынасты қатаң сақтау қажет.Процестің үздіксіздігінен бейтарап қоюландырғыштарда қоюлатылған пульпаны ұзақ уақытқа кідіртуге және қышқыл конустарды ағызуды азайтуға болмайды, онда үдерістегі өзгерістер кезінде (электролизге жүктеменің жоғарылауы немесе төмендеуі, күйдіру пештері мен т.б. ажыратылуы) өңделген электролиттің

берілуін қысқартады немесе қосады. Осы мақсатта ерітінділер қоймасында өңделген электролит үшін буферлік чан орнатылады, оған электролит артық болғанда лақтырылады, қышқыл жетіспеген жағдайда процеске қайта алынады. Пульпаның қышқыл тармақты чандары арқылы өтуіне қарай қышқылдығы және ондағы қатты құрамды мырыш тотығын еріту және күкірт қышқылын бейтараптандыру салдарынан төмендейді. Бұл учаскеде пульпаның қышқылдығын бақылау бірінші және соңғы чанда әрбір 30 минут сайын жүзеге асырылады. Бірінші аппаратта қышқылдық 6-10 г/л H_2SO_4 , ал соңғы 2-3 г/л шегінде ұсталады. Құрамында жеңіл еритін формадағы мырыш бар шикізатты өңдейтін зауыттарда соңғы чандағы қышқылдық 1 г/л-ден аспайды. Алдын ала жіктелуі жоқ зауыттарда, яғни мырыш күйіндіден қиын шығарылатын жерде, соңғы қышқылдықты кейде 5-7 г/л H_2SO_4 дейін көтереді. Екі жағдайда да пульпаның қышқылдық режимін таңдауда мырышты ерітіндіге алу дәрежесін және өңделетін метариалда қоспалардың болуын басшылыққа алады. Чанның шығатын бөлігі шиберлік жапқыштарға ие, олардың көмегімен белгілі шектерде пульпаның көлемін, сол арқылы шаймалау ұзақтығын реттеуге болады. Соңғы чаннан пульпа қышқыл қоюландыруға қоюлатқышқа түседі. Қышқыл шаймалаудан кейін пульпадағы с:қ қатынасы шамамен 15-20:1 құрайды. Қышқыл пульпаны қоюлату үшін бейтарап пульпаны тұндыру секілді қоюландырғышты қолданады. Қышқыл қоюландырғыштардың саны әдетте бейтараптықтан екі есе аз. Пульпада құрылымдарды бұзу үшін үлкен мүмкіндік беретін еркін қышқыл болғандықтан, қышқыл қоюландырғыштардан кейін қатаң түрде тұндыру қажет. Ағатын жерлер дер кезінде жөнделуі тиіс. Қышқыл қоюлатқыштарда пульпаны қоюлату процесі екі өнімді құрайды: қышқыл құю және қоюлатылған пульпа (мырышты кек). Қоюлатқышта қоюландыру процесінен басқа, кейбір пульпаның бейтараптануы жүреді. Нәтижесінде бұл екі өнім түсетін пульпаға қарсы төмен қышқылдықты иемденеді [4].

1.4.1 Үздіксіз шаймалау әдісін өндірісте ұйымдастыру

"Қазмырыш" ЖШС қазіргі уақытта шаймалау цехы жұмыс істейді, ол бойынша бірқатар кемшіліктер кездеседі:

- ерітінділерді бейтарап шаймалау сатысында темір, мышьяк, сурьма, кремний қышқыл сияқты зиянды қоспалардан терең гидролитикалық тазарту қажеттілігі;
- қышқыл қоюландырғыштардың жоғарғы құймасымен қатты көлемінің циркуляциясы салдарынан технологиялық жабдықтың көп мөлшерінің қажеттілігі;
- төмен сортты концентраттарды қайта өңдеу қиындығы.

Аталған кемшіліктердің салдарынан осы жобада механикалық араластырылатын чанды пневматикалық араластырылатын чанмен салыстыра отырып, пневматикалық араластырылатын чанның артықшылығы көбірек екені

